"PC4U" ЖСШ
БСН 180140039648
Қазақстан Республикасы, 050030
Алматы қ., пр. Сүйінбай 284,
Тел.: +7/727/339-85-67
e-mail: info@pc4u.kz

ТОО "PC4U"
БИН 180140039648
Республика Казахстан, 050030
г. Алматы, пр. Суюнбая 284,
Тел.: +7/727/339-85-67
e-mail: info@pc4u.kz

№.2705-1
«27» мамыр 2025ж.

«Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» КММ-не

№ 14659427-1 конкурсы бойынша
Шағым

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII Заңының *(әрі қарай-Заң)* 25-бабының 1-тармағына сәйкес, Егер тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының, сараптама комиссиясының (сарапшының) әрекеттері (әрекетсіздігі), шешімдері әлеуетті өнім берушінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзса, әлеуетті өнім беруші конкурс, аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындылары туралы хаттама орналастырылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде олардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне веб-портал арқылы шағым жасауға құқылы.

Осы ретте, Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы *(әрі қарай-Басқарма)* 30.04.2025 жылы жариялаған № 14659427-1 «Қызылорда облысының білім басқармасының "Қазалы ауданы бойынша білім бөлімі ММ үшін мемлекеттік сатып алу» (лот - 77296022-ОК1) конкурсының 22.05.2025 жылғы № 15068683 қорытынды туралы хаттамасына сәйкес өтпеді деп танылды.

Бұл қорытынды туралы хаттамамен осы конкурсқа өз өтінімін ұсынған әлеуетті өнім беруші «PC4U» ЖШС мекемесі келесідей шағымын келтіреді.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 01.07.2024 жылғы №106-VIII Заңының *(бұдан әрі -Заң)* 12-бабының 3-тармағына сәйкес конкурстық құжаттама, аукциондық құжаттама, сондай-ақ баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде орналастырылатын ақпарат сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге арналған ұлттық стандарттарды, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттарды көрсете отырып, техникалық өзіндік ерекшеліктің талаптарын (қысқаша сипаттаманы) қамтуға тиіс. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде мемлекеттік сатып алуды нормалау ескеріле отырып сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары көрсетіледі.

Сондай-ақ, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 4-қосымшаның 18-тармағының 2-тармақшасына сәйкес конкурсқа қатысуға өтінім ұлттық стандарттарды, ал олар болмаған жағдайда сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге арналған мемлекетаралық стандарттарды көрсете отырып, техникалық ерекшелікті қамтиды.

Осы ретте, конкурсқа қатысушы әлеуетті өнім беруші «PC4U» ЖШС-нің өтінімдері конкурстық комиссия тарапынан конкурсқа қатысуға жіберілмеген.

Яғни, қорытынды туралы хаттамада: -әлеуетті өнім берушімен «требуется наличие в заявках на участие в конкурсе поставщиков копий писем (сертификатов,

свидетельств, руководство по эксплуатации) от производителей системы видеонаблюдения либо от их официальных представителей (дилеров, дистрибьюторов), технических паспортов, сертификатов соответствия, руководства по эксплуатации продукции товаров и комплектов товара, указанных в технической спецификации поставщика» талаптарына сәйкес құжаттар ұсынылмаған, - деп «PC4U» ЖШС-гін конкурсқа қатысуға жіберілмеген.

Айта кететін жәйт, бұл конкурс ұлттық алып қою режимінде тұрған тауарларға жатады және отандық тауар өндірушілер арасында өткізіледі.

Біз осы тауардың өндірушісі болып табыламыз және дәлел ретінде біз конкурстық құжаттамаға 13-қосымшаның мазмұнына сәйкес келетін индустриялық сертификатты тіркедік, яғни қоса ұсындық.

Конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын 13-қосымшасында: - Өнім берушілердің конкурстық өтінімдерін салыстыру және олардың техникалық ерекшелік талаптарына сәйкестігін айқындау үшін Өнім беруші өзінің конкурстық өтінімінің құрамында маркаларын, модельдерін және сандық көрсеткіштерін көрсете отырып, жеткізуге ұсынылатын жабдықтың егжей-тегжейлі техникалық ерекшелігін, бұдан басқа ұсынылатын **тауарға <u>сілтемелерді</u> көрсете отырып**, егжей-тегжейлі техникалық сипаттамаларды ұсынуға тиіс делінген.

Осы ретте, конкурсқа қатысушы әлеуетті өнім берушілер «Сафети эксперт» ЖШС-гі мен «Новые технологии-Тараз» ЖШС-гі өтінімдерінде ұсынылатын **тауарға <u>сілтемелерді</u>** көрсетілмеген.

Осы орайда, әлеуетті өнім берушілер «Сафети эксперт» және «Новые технологии-Тараз» ЖШС-нің өтінімдері конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін техникалық ерекшелікті ұсыну негіздемесі бойынша конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалып, конкурсқа жіберілмеу керек.

Айтылғандар негізінде, Заңның 5-бабы 1-тармағының 2-тармақшасын басшылыққа ала отырып, әлеуетті өнім беруші «PC4U» ЖШС-гін конкурсқа қатысуға жіберуді (допуск), ал әлеуетті өнім берушілер «Сафети эксперт» және «Новые технологии-Тараз» ЖШС-рін конкурсқа қатысуға жібермеуді сұраймыз.

Директор **Кожамкулов М.С.**